

БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

Геометриялық пішіндер және олардың түстеріЖАРИЯЛАНДЫ
27.04.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/72427/>

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Қарапайым математикалық түсінітерін қалыптастыру

Мақсаты: Геометриялық пішіндер және олардың түстері туралы түсініктерін бекіту.

Дамытушылық: Балалардың дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды ұқыптылыққа, бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап, логикалық тапсырма, топтық жұмыс.

Көрнекілік: Интерактивный тақта. Әдемі түстермен (геометриялық пішіндермен) үй суреті, геометриялық пішіндердің суреті, т.б.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбер:

Сәлем деймін достарға

Сәлем деймін құстарға.

Сәлем деймін құрдасқа,

Сәлем деймін ұстаздарға.

Кім маған айтады:

-Қазір жылдың қай мезгілі? -Қазір жылдың көктем мезгілі.

-Көктем мезгілінде неше ай бар? -Көктем мезгілінде үш ай бар?
(Наурыз, сәуір, мамыр)

-Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атап жіберейікші?

-Күн жылынады, қар ериді, құстар жылы жақтан ұшып келеді.

II. Сабақтың мақсатымен таныстыру

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын. Қане тындайықшы:

Жұмбақ жасыру

. Төрт қабырғасы тең болса,

Төрт бұрышы тең болса,

Жауап берер балақай,

Ой өрісі кең болса,

Бұл қандай пішін?

2. Бұрыштарын табамыз,

Бұған келер шамамыз,

Төбесінен сырғанап,

Құлап қалсақ күлеміз.

Бұл қандай пішін?

3. Емес бұл төртбұрыш,

Мұнда мүлде жоқ бұры

Бұл қандай пішін?

Ендеше бізге « Сиқырлы пішіндер» елінен қонақтар келген. (Осы жерде алты пішіндер келіп өлеңдерін

-Оқушылар бізге пішіндер тапсырмалар алып келген. Қане қандай тапсырма бар екен?

1. Дөңгелектің тапсырмасы «Ұқсасын табу»

(тақтаға пішіндердің суреттері ілінеді. Балалар бір суреттен алып

пішіндердің астына жабыстырады. Мысалы: алма адөңгелектің астына, ал пирамида үшбұрыштың астына, теледидар төртбұрыштың астына)

2. Шаршының тапсырмасы

Дидактикалық ойын: «Сұрақ-жауап»

Мақсаты: Балалардың санды есту және оны цифрмен көрсету дағдысын қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Әр баланың алдында 1-ден 10-ға дейін цифрлар.

1. кемпірқосақта неше түс бар? (7)
2. бағдаршамда неше көз бар? (3)
3. қолғапта неше саусақ бар? (5)
4. адамда қанша көз бар? (2)
5. жұлдыздың неше бұрышы бар? (5)
6. аспанда неше күн бар? (1)
7. бір жылда неше ай бар? (12)
8. бір аптада неше күн бар? (7)
9. адамда қанша саусақ бар? (10)
10. үшбұрыштың қанша бұрышы бар? (3)

3. Тіктөртбұрыштың тапсырмасы

Сергіту сәті.

Бойды сергек тік ұста

Емін еркін тыныста

Деміңді ішке тез алда

Оң қолыңды соз алға

Қол ұшына қарада

Үш бұрыш сыз ауада

Сол қолың да бос тұрмасын

Шеңбер жасап тынбасын.

4. Сопакшаның тапсырмасы

Санамақ айту.
Жалғыз саусақ тіптіде,
Ұстай алмас жіптіде.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ
Қала салсақ, жол салсақ.
Дәптермен жұмыс

5.Үшбұрыштың тапсырмасы. Топтық жұмыс. (түрлі-түсті пішіндерден суретке қарап жапсыру.)

6.Жұлдыздың тапсырмасы
Логикалық тапсырма “Кім тапқыр”
Табақта бір алма,
Қолымда екі алма.
Барлығын қосқанда,
Шығады неше алма ? 3
Үш алмұрттын біреуін,
Досың сұрап алады.
Айтшы сонда нешеуі
Өз қолыңда қалады? 2
Ақ балапан,
Сары балапан.
Шұбар балапан,
Қара балапан.
Барлығы неше балапан? 4
Ағашта екі торғай бар еді,

оның біреуі ұшып кетті.

Ағашта неше торғай қалды?

Қорытындылау

Доп арқылы сурақ қою арқылы.

III. Қорытынды

Балалар, бүгін біз сабақта не істедік?

— Сабақ сендерге ұнады ма? Ұнаса, басбармақтарыңды жоғары көтеріңдер, ал егер ұнамаса, төмен қаратыңдар.

— Несімен ұнады (ұнамады)?

— Балалар! Мен сендердің іс — әрекеттеріңді манадан сырттай бақыладым. Сендердің білімділіктеріңе, тапқырлықтарыңа сүйсіндім.

Мақтау, мадақтау, белсенділіктері үшін бәріне смайлик пішінін сыйлау.

Тәмам болды осымен,

Ашық сабақ біздегі

Қошемет, сын сіздерден,

Рахмет айту біздерден.

Сау — саламат болайық

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Геометриялық пішіндерді біледі.

Нені игереді: Әртүрлі геометриялық пішіндерден түрлі заттар құрастыруды.

Нені біледі: Жұмбақтардың шешуін, санамақ біледі.

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы

№42 «Ақ ниет» гимназиясы

Ашық сабақ.

Тақырыбы: Геометриялық пішіндер.

Орындаған: 0 «б» МДТ-ның жетекшісі Шабалиева Ж.Н.

2020ЖЫЛЫ

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.